20599445747

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 28 желтоқсан №5294-23-00-4/1618 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты, құрамында:
төрағалық етуші судья М.А.Муздыбаева,
сот отырысының хатшысы Б.Абдыхалықтың хатшылығымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша әкімшілік істі қарады.

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Амаль» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖАУАПКЕРЛЕР:
1.«Алматы облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі;
2. «Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Алматы облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі;
3.«Алматы облысының жолаушы көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесі;
4.«KazTransBuilding» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

МҮДДЕЛІ ТҰЛҒАЛАР:
«Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі;
«Шымкент қаласының сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі;
«Шымкент қаласының қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесі;
«Жамбыл облысының Сарысу аудандық әкімдігінің тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
«Шымкент қаласының энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесі;

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. 2023 жылғы 31 қазандағы №191010000-4-6/7-253891 санды камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы

Құжатқа қол қойылған: Муздыбаева М. А., 19.01.2024

хабарламасының талап қоюшыға жұмыс тәжірибесін 3 балл есептеу бөлігін заңсыз деп тану;
2. 2023 жылғы 16 қарашадағы №10673986 хаттамасының талап қоюшыға қатысты бөлігін заңсыз деп тану;
3. мемлекеттік сатып алу шартын жарамсыз деп тану туралы
4. мемлекеттік сатып алудың нәтижесін қайта қарауды міндеттеу.

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі А.Қасым;
жауапкерлердің өкілдері Е.Ерғалиұлы, Е.Баймукашев, Е,Абикен;
мүдделі тұлғалар өкілдері Н.Утепбергенов, С.Байниязов, Р.Курамысов, Д.Райымбекова, Н.Байымбетұлы;
прокурор А.Мырзакеримова.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Конкурс ұйымдастырушысы «Алматы облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мемлекеттік сатып алу басқармасы) тарапынан ашық конкурс тәсілімен №10517809-2 санды №62441978-ОК1 санды лот бойынша техникалық қадағалау жұмысына мемлекеттік сатып алу (бұдан әрі - Конкурс) өткізілген.

Жұмыстарды тапсырыс беруші .«Алматы облысының жолаушы көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Тапсырыс беруші) болған.

Аталған конкурсқа әлеуетті өнім беруші «Амаль»жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - Талап қоюшы,Серіктестік) қатысуға өтінім ұсынған.

Қорытындылау хаттамасына сәйкес, конкурс жеңімпазы болып «Амаль» ЖШС-гі белгіленген.

Конкурс бойынша Департаментпен «Амаль» ЖШС-не соңғы бес жылға жұмыс тәжірибесі 5 баллдың орына 3 балл есептеу қажеттігі жөнінде 2023 жылғы 31 қазандағы №191010000-4-6/7-253891 санды камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламасы ұйымдастырушыға жолданған.

2023 жылғы 16 қарашадағы №10673986 қайта қарау хаттамасы негізінде талап қоюшыға қатысты 3 балл есептеліп, конкурс бойынша «KazTransBuilding» ЖШС-гі жеңімпаз болып табылған.

Тапсырыс беруші «Алматы облысының жолаушы көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ-сі мен «KazTransBuilding» ЖШС-гі арасында 2023 жылғы 12 желтоқсанда №2023/125 келісім-шарт түзілген.

Талап қоюшы бастапқы және қосымша талап қою арыздарымен сотқа жүгініп, оны уәкілетті орган заңсыз хабарлама қабылдағандығын, 2021 жылғы және 2022 жылға жұмыс тәжрибесін негізсіз есептемегендігін, заңсыз жұмыс тәжрибесін 3 балл деп санағанымен негіздеген.

Құжатқа қол қойылған: Муздыбаева М. А., 19.01.2024

Жауапкерлер қарсы пікірлерінде талап арызбен келіспей, талап қоюшының 2021 және 2022 жылғы объектіні қабылдау актілері формаға сай емес екендігін, бекітілген форма бойынша 11 тармақ көзделгендігін, ал талап қоюшының қабылдау актілері 9 тармақтан тұратынын, форма бойынша көзделген 9 және 10 тармақтар актілерде толтырылмағанын көрсетіп, талапты қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі А.Қасым сот отырысында талапты толық қолдап, оны толығымен қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер Департаменттің өкілі Е.Ерғалиұлы талапты мойындамай, оны қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер ұйымдастырушының өкілі Е.Баймкуашев талапты қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Жауапкер тапсырыс берушінің өкілі Е.Абикен сотта талапты қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Прокурор А.Мырзакеримова талап қою арызы толық қанағаттандырылуға жататындығы туралы қорытынды берді.

«KazTransBuilding» ЖШС-нің директорынан сотқа арыз түсіп, онда істі өзіңнің қатысуысыз қарауды сұраған.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1,2 талаптар бойынша

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 18-бабы 4-тармағы 1) тармақшасына сай уәкілетті орган бақылау іс-шараларын, оның ішінде камералдық бақылауды жүргізу нәтижесінде бақылау объектісінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзғанын анықтаған кезде бақылау объектісіне камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы орындалуы міндетті нұсқама, хабарлама жібереді.

Соттармен анықталғандай, конкурс ұйымдастырушымен тарапынан ашық конкурс тәсілімен №10517809-2 санды №62441978-ОК1 санды лот бойынша техникалық қадағалау жұмысына мемлекеттік сатып алу өткізілген.

Аталған конкурсқа әлеуетті өнім беруші «Амаль» ЖШС-гі қатысуға өтінім ұсынған.

Қорытындылау хаттамасына сәйкес, конкурс жеңімпазы болып «Амаль» ЖШС-гі белгіленген.

Конкурс бойынша Департаментпен «Амаль» ЖШС-не соңғы бес жылға жұмыс тәжірибесі 5 баллдың орына 3 балл есептеу қажеттігі жөнінде 2023 жылғы 31 қазандағы №191010000-4-6/7-253891 санды камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламасы ұйымдастырушыға жолданған.

2023 жылғы 16 қарашадағы №10673986 қайта қарау хаттамасы негізінде талап қоюшыға қатысты 3 балл есептеліп, конкурс бойынша «KazTransBuilding» ЖШС-гі жеңімпаз болып табылған.

Құжатқа қол қойылған: Муздыбаева М. А., 19.01.2024

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» (бұдан әрі - Қағида) 279, 280 тармақтарына сәйкес, конкурстық комиссия әлеуетті өнім берушінің осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша сатып алынатын көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесі бар әрбір жыл үшін бір пайыз (1%) мөлшерінде, бірақ бес пайыздан аспайтын шартты жеңілдік береді.

Көрсетілген қызметтер актілерінің және шот-фактуралардың электрондық көшірмелері сатып алынатын қызметтер нарығындағы жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар болып табылады.

Техникалық қадағалау қызметтерін мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабына сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша объектіні пайдалануға қабылдау актісі жұмыс тәжірибесін растайтын құжат болып табылады.

Әлеуетті өнім беруші «Амаль» ЖШС-нің көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезіндегі біліктілік және конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшем шарттар туралы конкурстық құжаттаманың 11-қосымшасына сәйкес, растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, ағымдағы жылдың алдындағы соңғы бес жыл ішінде конкурста сатып алынатындарға ұқсас (сол сияқты) орындалған жұмыстар тәжірибесінің болуы туралы мәліметтер 2018, 2019, 2020, 2021, 2022 жылдарға ұсынылған.

Алайда, Департментпен камералдық бақылау жүргізу барысында «Амаль» ЖШС-нің 2021 және 2022 жылғы объектілерді қабылдау актілері Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі №234 бұйрығымен бекітіліген талаптарға сай келмейтіндіктен есептелуге жатпайды деген тұжырым жасалынған.

«Объектіні пайдалануға қабылдау актісінің нысаны бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі №234 бұйрығымен объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің 11-тармақтан тұратын нысаны бекітілген.

Нысан бойынша 9 тармақта жергілікті қамту үлесі жобалау-сметалық құжаттамада_____ % көзделеді және іс жүзінде _____% қолданылды (мемлекеттік инвестициялар және квазимемлекеттік сектор қаражаты есебінен қаржыландырылатын объектілерде) және 10 тармақта ғимараттың энергия тиімділігі класы көрсетілуге тиіс болған.

2021 жылғы 31 желтоқсан тапсырыс беруші «Жамбыл облысының Сарысу аудандық әкімдігінің тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесімен Уюм ауылындағы суқұбыры құрылысы пайдалануға қабылданған.

Ал, 2022 жылғы 27 желтоқсан тапсырыс беруші «Шымкент қаласының энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасы» мемлекеттік

Құжатқа қол қойылған: Муздыбаева М. А., 19.01.2024

5294-23-3-1-1/1619

мекемесімен Шымкент қаласы Ұлағат шағын ауданында кәріз жүйесі пайдалануға қабылдау актісімен қабылданған.

Сот отырысында «Жамбыл облысының Сарысу аудандық әкімдігінің тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» КММ-нің өкілі Р.Курамысов және «Шымкент қаласының энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасы» ММ-нің өкілі Д.Райымбекова көрсетілген нысандар іс жүзінде қабылданып алғандығын, бекітлген форма бойынша 9 және 10 тармақтары нысандар бойынша қажеттілігі болмағандықтан толтырмағандығын, «Амаль» ЖШС-гі жұмыстарды толық орындағанын көрсетті.

Көрсетілген объектілер су құбыры құрлысы және кәріз жүйесінің құрылысы болғандықтан энергия тиімділігі класын және қаржы мемлекеттік бюджеттен бөлінгендіктен бұл тармақтарды көрсетудің қажеттілігі жоқ болған.

Сотта анықталғандай, тапсырыс беруші тарапынан нысандар пайдалануға қабылданған, тиісті уәкілетті органдарда тіркеуге алынған және бүгінгі таңда көрсетілген 2021 және 2022 жылғы қабылдау актілері жарамсыз деп танылмаған және тапсырыс берушілердің қарсылығы жоқ.

Сондықтан, Департамент тарапынан талап қоюшының 2021 жылғы және 2022 жылғы қабылдау актілері бойынша жұмыс өтіліне балл есептемеуге ешқандай негіз болмаған.

Сондықтан, хабарлама және ұйымдастырушы тарапынан қайта конкурс хаттамасының талап қоюшыға қатысты бөлігі заңсыз деп танылуға жатады.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексінің (бұдан әрі - ӘРПК) 156- бабының 1- бөлігінің талабына сәйкес сот, егер талап қоюшының құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын, ауыртпалық түсіретін әкімшілік актіге дау айту туралы талап қою негізді болып табылса және сот оның заңсыздығын таныса, онда ол толық немесе қандай да бір бөлігінде оның күшін жояды.

ӘРПК-нің 8-бабына сай, әкімшілік орган, лауазымды адам және сот әкімшілік істі қарау кезінде объективтілік пен бейтараптықты сақтай отырып, әкімшілік іске қатысушылардың әрқайсысына олардың әкімшілік істің мән-жайларын жан-жақты және толық зерттеуге құқықтарын іске асыруына тең мүмкіндік пен жағдайды қамтамасыз етуге міндетті.

Осы негіздерде, сот талап қоюшының жауапкерлердің 2023 жылғы 31 қазандағы №191010000-4-6/7-253891 санды камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламасының талап қоюшыға жұмыс тәжірибесін 3 балл есептеу бөлігін заңсыз деп тану, 2023 жылғы 16 қарашадағы №10673986 хаттамасының талап қоюшыға қатысты бөлігін заңсыз деп тану туралы әкімшілік талап қоюы қанағаттандырылуға жатады деп табады.

№3,4 талап бойынша

Құжатқа қол қойылған: Муздыбаева М. А., 19.01.2024

ӘРПК-нің 84-бабының 3-тармағына сай, заңсыз әкімшілік актінің күші жойылған кезде әкімшілік актіні заңсыз деп танудың заңды салдары туралы шешім қабылданады.

Әкімшілік акт қабылданған кезден бастап та, ол заңсыз деп танылған кезден бастап та жарамсыз деп танылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 158-бабының 1-тармағына сай мазмұны заңнама талаптарына сәйкес келмейтін мәміле, сондай-ақ құқықтық тәртіп негіздеріне көрінеу қайшы келетін мақсатпен жасалған мәміле, егер осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, дауланатын мәміле болып табылады және сот оны жарамсыз деп тануы мүмкін.

Іс құжаттарына қарағанда, Тапсырыс беруші «Алматы облысының жолаушы көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ-сі мен «KazTransBuilding» ЖШС-гі арасында 2023 жылғы 12 желтоқсанда №2023/125 келісім-шарт түзілген.

Сот шешімімен талап қоюшының жауапкерлердің 2023 жылғы 31 қазандағы №191010000-4-6/7-253891 санды камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламасының талап қоюшыға жұмыс тәжірибесін 3 балл есептеу бөлігін заңсыз деп тану, 2023 жылғы 16 қарашадағы №10673986 хаттамасының талап қоюшыға қатысты бөлігін заңсыз деп тану туралы талабы қанағаттандырылған.

ӘРПК-нің 156-бабының 2-бөлігіне сай шешімді қабылдаған кезде орындалып қойған немесе орындалып жатқан, ауыртпалық түсіретін әкімшілік актінің заңсыздығы танылған жағдайда, сот жауапкерді орындаудың күшін жоюға мәжбүрлеуге және талап қоюшыны шешімде белгіленген мерзімде бастапқы жағдайына қайтару бойынша әрекеттер жасауды талап етуге құқылы.

Сот, көрсетілген заң нормаларына сүйене отырып, талап қоюшының мемлекеттік сатып алу шартын жарамсыз деп тану, мемлекеттік сатып алудың нәтижесін қайта қарауды міндеттеу туралы талабы қанағаттандырылуға жатады.

ӘРПК-нің 122-бабының 1-бөлігіне сәйкес сот шығыстарын бөлу жөніндегі мәселелер Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі-АПК) қағидалары бойынша қаралады.

АПК-нің 109-бабының 1-бөлігіне сәйкес жауапкерден талап қоюшының пайдасына мемлекеттік баж төлеуге жұмсалған 36255 теңге өндірілуге жатады.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексінің 108-бабының 4) тармағына сәйкес сот оның пайдасына іс бойынша тарап болып табылатын мемлекеттік мекемеден мемлекеттік бажды өндіріп алу туралы шешім шығарған салық төлеушіге мемлекеттік баж сомасын қайтаруды салық органы салық төлеуші ұсынған салықтық өтініштің және заңды күшіне енген сот шешімінің

Құжатқа қол қойылған: Муздыбаева М. А., 19.01.2024

негізінде жүргізеді.

Сәйкесінше, талап қоюшының төлеген мемлекеттік баж сомасы бюджеттен қайтарылуға жатады

ҚАРАР БӨЛІГІ:

ӘРПК-тің 151,152,154-баптарын басшылыққа ала отырып,сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Амаль» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жауапкерлер «Алматы облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесіне, «Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Алматы облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесіне, «Алматы облысының жолаушы көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесіне, «KazTransBuilding» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне 2023 жылғы 31 қазандағы №191010000-4-6/7-253891 санды камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламасының талап қоюшыға жұмыс тәжірибесін 3 балл есептеу бөлігін заңсыз деп тану, 2023 жылғы 16 қарашадағы №10673986 хаттамасының талап қоюшыға қатысты бөлігін заңсыз деп тану, мемлекеттік сатып алу шартын жарамсыз деп тану, мемлекеттік сатып алудың нәтижесін қайта қарауды міндеттеу туралы әкімшілік талап қою арызы - қанағаттандырылсын.

Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Алматы облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 31 қазандағы №191010000-4-6/7-253891 санды камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламасының талап қоюшы «Амаль» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне соңғы бес жылда жұмыс тәжірибесін 3 (үш) балл есептеу бөлігі заңсыз деп танылсын.

Ұйымдастырушы «Алматы облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 16 қарашадағы №10673986 хаттамасының талап қоюшыға қатысты бөлігі заңсыз деп танылсын.

«Алматы облысының жолаушы көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесі мен «KazTransBuilding» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасында түзілген 2023 жылғы 12 желтоқсандағы №2023/125 санды мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарты жарамсыз деп танылсын.

Ұйымдастырушы «Алматы облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесіне талап қоюшы «Амаль» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне соңғы бес жылда жұмыс тәжірибесін 5 (бес) балл

Құжатқа қол қойылған: Муздыбаева М. А., 19.01.2024

есептеп техникалық қадағалау конкурсы бойынша мемлекеттік сатып алудың нәтижесін қайта қарау міндеттелсін.

Талап қоюшы «Амаль» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне төленген мемлекеттік баж сомасы 36 255 (отыз алты мың екі жүз елі бес) теңге бюджет есебінен қайтарылсын.

Жауапкер әкімшілік іс бойынша соттың шешімін заңды күшіне енген күнінен бастап бір ай мерзім ішінде орындауға міндетті, ол туралы сотқа хабарлауға тиіс.

Заңды күшіне енбеген соттың шешіміне әкімшілік процеске қатысушылар Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 168-бабының, Азаматтық процестік кодексінің 404-бабының талаптарын сақтай отырып, апелляциялық шағым беру арқылы апелляциялық тәртіппен түпкілікті нысанда шешім шығарылған күннен бастап екі ай ішінде Шымкент қалалық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты арқылы шағым жасауы мүмкін.

Судья **М.А.Муздыбаева**

Құжатқа қол қойылған: Муздыбаева М. А., 19.01.2024

5294-23-3-1-1/1619